

ХАТТАМА

2023 жылғы 14 қыркүйек

Қатысқаны: 42 ата-ана

Тақырыбы: «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

Қатысқандар: 1 а, 1 ә, 1 б сынып жетекшілері, ата-аналар.

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылының басталуы. Мектеп директоры А. Абжалелова
2. Әлеуметтік аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына бөлінген қаражат туралы. Әлеуметтік педагог А. Советова
3. Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен оқушы тасымалын ұйымдастыр. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Рахметова
4. Оқулықпен қамтылу мәселелері. Кітапханашы Г. Сайменова
5. 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі. Педагог-психолог А. Саин
6. Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін тіл бұзылыстары. Педагог-логопед А. Ерсайнова

Тыңдалды:



2023 жылғы 14 қыркүйегі күні №69 жалпы білім беретін орта мектебі КММ бойынша 1 класс ата-аналарына арналған "Бала қауіпсіздігі-басты назарда" тақырыбында ата-аналар жиналысы болып өтті. Отбасы күніне орай ата-аналар қауымымен жасалатын жұмыстар, оқу жылының жаңашылдығы мен өзгерістер, өткен оқу жылының жұмыстарын қортындылай отырып, алдағы оқу жылына мақсат-міндеттер белгілеу мақсатында ұйымдастырылған іс-шараға ата-аналар ұйымшылдықпен қатысты. Күн тәртібінде қаралаған мәселелер: Жиналыста 1 класс оқушыларының мектепке бейімделуі, мектептің типтік ережесі, мектеп формасының сақталуы, оқушылардың сабақтан бос уақытындағы үйірме кестелері туралы мәселелер қаралды.

Жиналыста мектеп директоры А.Абжалелова, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Рахметова сөз сөйлеп, мектеп психологы А.Саин балаларға қолдау көрсетудегі ата-аналар үшін психологиялық тренинг өткізді.



ХАТТАМА

2023 жылғы 15 қыркүйек

Қатысқаны: 42 ата-ана

Тақырыбы: «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

Қатысқандар: 5-класс жетекшілері, ата-аналар.

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылының басталуы. Мектеп директоры А. Абжалелова
2. Әлеуметтік аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына бөлінген қаражат туралы. Әлеуметтік педагог А. Советова
3. Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен оқушы тасымалын ұйымдастыр. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Рахметова
4. Оқулықпен қамтылу мәселелері. Кітапханашы Г. Сайменова
5. Бейімделу кезіндегі баланың мінез-құлқындағы ерекшеліктері

Тыңдалды:



АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

2023 жылғы 15 қыркүйегі күні №69 жалпы білім беретін орта мектебі КММ бойынша 5 класс ата-аналарына арналған "Бала қауіпсіздігі-басты назарда" тақырыбында ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыста 5 класс оқушыларының негізгі буынға бейімделуі, мектептің типтік ережесі, мектеп формасының сақталуы, оқушылардың сабақтан бос уақытындағы үйірме кестелері туралы мәселелер қаралды. Жиналысқа мектеп инспекторы Н.Қиюбек жасөспірімдер арасындағы тәртіп бұзушылықтың алдын алу шаралары,

"Қауіпсіз маршрут" құру туралы кеңес берді. Жиналыста мектеп директоры А.Абжалелова, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Рахметова, кітапхана меңгерушісі Г.Сайменова сөз сөйледі.



ХАТТАМА

2023 жылғы 11 қараша

Қатысқаны: 12 ата-ана

Тақырыбы: «Мәңгілік құндылықтар – рухани тәрбие берудің негізі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

Қатысқандар: ата-аналар.

Күн тәртібінде:

1. «Ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау»
2. «Мәңгілік құндылықтар – рухани тәрбие берудің негізі»
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:



2023 жылғы 11 қараша күні С.Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасы базасында «Мәңгілік құндылықтар – рухани тәрбие берудің негізі» тақырыбында 8 «Ә» класс ата-аналар жиналысы өтті.

Акмарал Ғабитқызы жиналыстың мақсатын атап өтіп, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Өз сөзінде ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру, өскелең ұрпаққа рухани тәрбие беру, балаларға қауіпсіз орта құру, бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі туралы айтып өтті.

Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-аналармен, мектептің бірлескен әрекетінде екені еш уақытта күмән туғызбайды. Мектеп пен отбасының ынтымақтастығын жүзеге асыруда класс жетекшісі негізгі рөл атқарады. Осы орайда, Акмарал Ғабитқызы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу мақсатында ата-аналармен бірлесіп «Ата-аналар мектебі» жобасын құруды ұсынды. Жобаның мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру, білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

Жиналыс соңында ұрпақ тәрбиесі жолындағы оңтайлы ұсыныстар мен орамды ойлар айтылып, алдағы уақытта осы бағытта бірлесе жұмыс атқару жоспарланды.

№69 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметі

ХАТТАМА

2023 жылғы 21 қазан

Қатысқаны: 15 ата-ана

Тақырыбы: «Тәрбиенің негізгі мектебі - отбасы»

Қатысқандар: ата- аналар және ұстаздар



21 қазан күні “Тәрбиенің негізгі мектебі - отбасы” тақырыбында орталық психологі [@aldashkizi](#) №69 орта мектебінің ата-аналарына семинар тренинг өткізді.

Тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – отбасы мен мектептен алған үлгі- өнеге жиынтығының жемісі. «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған – туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады»

Еліміздің болашағы бүгінгі балалардың дұрыс азамат болып қалыптасуы отбасындағы тәрбиеге байланысты. Балалардың өздеріңізге бақыт сыйлайтын тұлға болып қалыптасуы, ата – аналар , сіздерге байланысты. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ сондықтан балаларыңыз елін, Отанын сүйегін азамат болып өсіп, сіздерді бақытқа кенелтсін десеңіздер бала тәрбиелеудегі қателіктерге жол бермейік! Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті.



ХАТТАМА

2023 жылғы 14 қараша



2023 жылдың 14 қарашасы күні Ақтөбе облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің қолдауымен, Астана ауданы аналар кеңесінің, #69 ЖББОМ ұйымдастыруымен "Ата-ананы қолдау - жастардың болашағын қорғау" тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел сәндегі "Додекаэдр" тренингімен басталды. Іс-шараға Ақтөбе облысы ҚХА жанындағы облыстық Аналар кеңесінің үйлестірушісі Сергалина Рауза Сатымовна мен облыстық аналар кеңесі төрайымының орынбасары Есенбаева Рамзия Шаукатовна қатысты. Бұл танымдық шараның шымылдығын 3"Б" класс оқушылары (жетекшісі: А.Жақыпова) әдемі әнмен ашты. Іс-шара барысында Рауза Сатымовна синтетикалық зиянды заттарды қолданудың зияны туралы, Рамзия Шаукатовна жастар арасындағы ауызекі сөйлеу тілінің тазалығы хақында қоғамның өзекті мәселелерін тілге тиек етті. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Рахметова "Ата-аналарды қолдау орталығының қызметі, негізгі жұмыс бағыттары" жөнінде толық мағлұмат берді. Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Астана ауданы аналар кеңесінің төрайымы Г.Алашбаева "Ата-аналармен сабақ мазмұнындағы ұлттық құндылықтар" тақырыбында әңгіме өрбітті. Эстетика бірлестігінің жетекшісі Р.Даулетиярованың жетекшілігімен мектептің жас сәнгер оқушылары "Тұмар ханым" ұлттық киімдер топтамасын ұсынды. Мектеп психологы Ақмарал Саин "Ата-ананың тәрбиесінің бала өміріндегі рөлі" атты эксперименттік жұмысымен дөңгелек үстелде көтерілген мәселелерді қорытындылады.

ХАТТАМА

2023 жылғы 15 қыркүйек

Қатысқаны: 30 ата-ана

Тақырыбы: «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

Қатысқандар: 9-11 класс жетекшілері, ата-аналар.

Күн тәртібінде:

1. "2021-2022 оқу жылының қорытындысы:ҰБТ, жаңалықтар мен өзгерістер
2. Мектептің ішкі тәртіп ережелері
3. Жасөспірімдік кезеңде тұлғалық дағдарыс ерекшеліктері
4. Әртүрлі мәселер қаралды.

Тыңдалды:



15 қыркүйек күні 9,10,11класс оқушыларының ата-аналар жиналысы өтті. Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы құндылықтар мен жүзеге асырылуы жоспарланған жобалар туралы ақпараттық түсіндірме жұмысымен бірге кәсіптік бағдар беру бағытында , мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру мәселелері күн тәртібінде қаралып, талқыланд.

Мектеп директорының орынбасарлары Г.Жаржанова , А.Рахметова ұлттық бірыңғай тестілеу, негізгі мектепті бітірушілерге арналған қорытынды аттестаттау және МТТЕ туралы ақпараттандыра отырып, ата-аналардың сұрақтарына жауап берді. Әртүрлі мәселер бойынша сұрақ- жауап жасалып, күн тәртібіндегі мәселелер қорытындыланды. Жиналысты ата-аналар класс жетекшілерімен кабинеттерге жеке жұмыстар үшін бөлініп, жалғастырды.

